Бекітемін

«Нұрби» Мектеп –

бөбекжай бақша кешені

меңгеруші

Бердімбетова Ж.С.

# Ашық оқу қызметі

**Тақырыбы: «Жеміс-жидектер»**

**«Аққу» ересек топ**

**Тәрбиеші: Сайрамбаева Л.Д.**

**2020-2021**

Қайырлы күн қонақтар, бүлдіршіндер.

Амансыңдарма,балалар,

Күн сайын әскен саналар.

Саналы бол,талапты да, талантты,

Бүгінгі күн елімізге арналар,

Қане, балалар шаттық шеңберіне жиналамыз.

Шаттық шеңбері: Сәлем саған алтын күн,

Сәлем саған көк аспан.

Сәлем саған жер ана,

Сәлем саған достарым,

Сәлеметсіздерме қонақтар.

Қане, бір-бірімзге жылы лебіздер білдірейік: мейірімді бол, талапты бол,

көңілді бол,т.б

Жарайсыңдар балалар қане орнымызға жайғасамыз.

- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

- Қыс мезгілі

- Қыс мезгілінде неше ай бар?

- Үш ай бар,

- Қыс айларын атайықшы?

- Желтоқсан, қаңтар, ақпан

- Қыс мезгілінде күн қандай болады?

- Салқын ,суық, аязды, қарлы, боранды болады.

Жарайсыңдар балалар, күн суық, ал сендер балабақшаға қандай көлік

түрімен келесіңдер?

- Көлік дегеніміз не?

- Көліктің қандай түрлері бар?

- Көліктерге не жатады?

- Көліктердің қандай пайдасы ?

-Міне, бүгінгі оқу қызметімізде көнде көріп жүрген , мініп

жүрген көліктер туралы өтетін боламыз.

Балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын ал сендер тауып көріңдер?

1. Құс сияқты құс емес,

Жүрседе тым биікте.

Қақпайды бір қанатын,

Жүрседе тым биікте . (Ұшақ)

2. Қос күрекпен еседі,

Су көлігі деседі. (Қайық)

3. Жүргізуші жүргізеді,

Төрт аяқты батырды . (Жеңіл көлік)

Жарайсыңдар балалар, недеген тапқыр балалар едіңдер.

Көрнекілік суреттерге назар аударайықшы.

«Көңілді көліктер»

Балалар көліктердің өзі төртке бөлінеді:

Әуеде жүретін көліктер - Ұшақ, Тікұшақ, зымыран

Суда жүретін көліктер – Кеме, қайық

Темір жол көліктері – Поѐздь

Ал, жерде жүретін көліктердің өзі екіге бөлінеді екен. Олар жеңіл

және ауыр көліктер. Мысалы автобус,жедел жәрдем көлігі, жүк көлігі, өрт

сөндіру көлігі т.б.

Көлік бізге не үшін керек? (баланың жауабы)

Яғни көліктер

- бір жерден екінші жерге жету үшін керек. (ауылдан-қалаға,

үйден-дүкенге, т.б.)

- Ауыр жүктерді тасымалдау, апару үшін керек (мыс үй

құрылысына арналған қиыршық тастар, құмдар, саз цемент , үлкен сәрелер,

ауыр сөмкелер, шкаф, тоңазытқаш т.б. біз қолмен көтере алмаймыз,

сондықтан ауыр жүк көліктеріне жүгінеді екенбіз)

Демек бізге көліктердің көп көмегі бар екен.